

**"Жаңатұрмыс ауылдық округінің 2021-2023 жылдарға арналған бюджеті туралы"  
Шиелі аудандық мәслихатының 2020 жылғы 29 желтоқсандағы №65/23 шешіміне  
өзгерістер енгізу туралы**

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2021 жылғы 31 наурыздағы № 4/21 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 2 сәуірде № 8245 болып тіркелді. Мерзімі біткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Кодексінің 109-1-бабына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-7-тармағына сәйкес, Шиелі аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Жаңатұрмыс ауылдық округінің 2021-2023 жылдарға арналған бюджеті туралы" Шиелі аудандық мәслихатының 2020 жылғы 29 желтоқсандағы №65/23 шешіміне ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 8033 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2021 жылы 13 қаңтарда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Жаңатұрмыс ауылдық округінің 2021-2023 жылдарға арналған бюджеті 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2021 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 32 253 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер - 724 мың теңге;

трансферттер түсімдері – 31 529 мың теңге;

2) шығындар – 33 375 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу - 0;

бюджеттік кредиттер - 0;

бюджеттік кредиттерді өтеу - 0;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо - 0;

қаржы активтерін сатып алу - 0;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -1 122 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) – 1 122 мың теңге;

қарыздар түсімі - 0;

қарыздарды өтеу - 0;

бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары – 1 122 мың теңге."

Аталған шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Шиелі аудандық мәслихаты сессиясының төрағасы

Шиелі аудандық мәслихат хатшысы

Е. Женикбаев

Т. Жағыпбаров

Шиелі аудандық мәслихатының

2021 жылғы 31 наурыздағы

№ 4/21 шешіміне қосымша

Шиелі аудандық мәслихатының

2020 жылғы 29 желтоқсандағы

№ 65/23 шешіміне 1-қосымша

## Жаңатұрмыс ауылдық округінің 2021 жылға арналған бюджеті

Санаты				Сомасы, мың теңге
	Сыныбы		Атауы	
		Кіші сыныбы		
			1. Кірістер	32 253
1			Салықтық түсімдер	724
	01		Табыс салығы	0
		2	Жеке табыс салығы	0
	04		Меншікке салынатын салықтар	724
		1	Мүлікке салынатын салықтар	45
		3	Жер салығы	69
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	610
4			Трансферттер түсімдері	31 529
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	31 529
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	31 529
Функционалдық топ				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
	Бағдарлама			

			Атауы	
			2. Шығындар	33 375
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	13 251
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	13 251
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	13 251
07			Тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық	6 249,3
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	6 249,3
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1 249,3
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	5 000
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	13 821
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	13 821
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	13 821
15			Трансферттер	53,7
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	53,7
		048	Пайдаланылмаған ( толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	53,7

			3. Таза бюджеттік кредит беру	0
			4. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	0
			5. Бюджет тапшылығы (профициті)	( -1 122
			6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)	( 1 122
7			Қарыздар түсімі	0
16			Қарыздарды өтеу	0
	8		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	1 122
		1	Бюджет қаражатының қалдықтары	1 122
			Бюджет қаражатының бос қалдықтары	1 122